

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 216 қаулысы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы, Бершүгір ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы көлемі 103,56 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, "Qum Kol" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен пайдалы қазбаларды барлау үшін 2027 жылдың 15 сәуіріне дейінгі мерзімге қауымдық сервитуті белгіленсін.

2. "Шалқар аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны, оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Шалқар ауданының әкімі*

*Ж. Жидеханов*